



АСТАНА

АҚШАМЫ

СӘКЕННІҢ ЕЛ ТАРИХЫМЕН ТАҒДЫРЫ ЕГІЗ

Несіпбек АЙТҰЛЫ, С.Сейфуллин мұражайының директоры, ақын:



Сәкен Сейфуллин мен Мұхтар Әуезов көшелерінің қиылысындағы қабырғасы бөренелермен көтерілген қос үй көрген жанның назарын аудармай қоймайды. Бірінің сыртына – «Дәрігер Ф.И.Благовещинскийдің үйі. XX ғасырдың басы», екіншісіне «Көпес үйі.

1846 жыл» деген жазулары бар ескерткіш тақтайшалар ілінген. Тарихы сонау жылдардан басталған екі үй бүгінде Сәкен Сейфуллин мұражайы. Қарт ғимараттардағы атпал азаматтың жасына келген мұражайдың табалдырығын аттаушылар да көп, табалдырығын аттаушыларға берер тағылымы да жетерлік. Мерейтойға орай мұражай директоры Несіпбек Айтұлын әңгімеге тартқан едік, айтулы ақынның айтары аз болмай шықты...

– Биыл өзіңіз шырақшысы болып отырған мұражайдың ашылғанына – жиырма бес жыл. Әлбетте, айтуға оңай. Өйткені, мұражай қызыл биліктің шаңырағы шайқалып тұрса да, әлі тағынан таймаған тұсында ашылыпты. Сол бір кездерді әңгімелеп берсеңіз.

– Иә, Сәкен Сейфуллин 1957 жылы толық ақталып, атақ-абыройы қалпына келтірілді, әдеби шығармалары түгелімен қайта басылды. Кейінірек, кеш те болса, ел ішіндегі ұлтжанды азаматтар осынау жазықсыз жазаланған қайраткердің есімін ұрпақ жадында мәңгі сақтауды мақсат етіп, мұражай ашу жөнінде бастама көтерді. Оның Ақмолада болғанын қалады. Өйткені, Ақмола – Сәкеннің жастық шағы өткен, азамат болып қалыптасқан, алғашқы әдеби шығармалары жазылған, қоғам және мемлекет қайраткері ретінде танылған құт мекені. 1984 жылы ақынның тоқсан жасқа толу мерейтойы қарсаңында Ақмола (ол кезде Целиноград) өңірінің өрелі азаматтары Қазақстан компартиясы Орталық комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесіне халқымыздың аяулы перзентіне арнап ескерткіш орнатып, мемориалды музей ашу жөнінде ұсыныс хат жолдайды. Кейін үкімет осы хатты құптап, қаулы қабылдады. Міне, осы кезден бастап үлкен жұмыс басталады...

– Осы рухани ошақты ашуға тікелей атсалысқан азаматтардың, алғашқы басшысының есімдерін білмейтін жұрт та баршылық...

– Рас, аптал ерлерді ел есіне жиі салып тұрмаса, «көзден кеткеннің көңілден де жоғалатыны бар». Мұражайды ашуға тікелей белсене атсалысқан азамат Целиноград облыстық Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы кеңесі төрағасының орынбасары Молдахмет Досаев болатын. Ол кездегі Ақмоланы бүгінгі Астанамен салыстыруға мүлде болмайды ғой. Тың өлкесінің «эпицентрі» атанған қалада жергілікті халық аз, өзге ұлттың қарасы басым-тұғын. Қазақ тілі өгей баланың күйін кешкен кез. Осындай күрделі қиындықтарға қарамастан, елім деген намысты азаматтардың еңбегі ерен еді.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің шешімімен 1988 жылдың 20 ақпанда облыстық Сәкен Сейфуллин мұражайы ашылды. Оған сол кездегі Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі қол қойды. Бұл – ұлтымыздың ардақ тұтар кемеңгер ұлы, дауылпаз ақын, жалынды публицист, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткеріне арналған тарихи ескерткіш болды. Жаңадан ұйымдастырылған музейдің басшылығына Роза Асылбекова тағайындалды. Ол осында табан аудармай он төрт жыл қызмет етті. Одан кейін халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, белгілі ақын Серік Тұрғынбек, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, әнші Серік Оспанов келді... Мұнда әрқайсысының қолтаңбасы, еңбегі бар, әрқайсысы мұражайға, Сәкен рухына адал жұмыс істеді.

– Мұражайды жабдықтау да оңай шаруа болмаған шығар? Арысынан қалған дүниелерді қызғыштай қорғайтын Гүлбаһрам апамыз да дүниеден озған шақ қой ол.
– Солай десек те, Сәкеннің көзін көрген адамдар, жақын, етбауыр туыстары болды ғой. Жаңа басшы жұмысын ақынға қатысты құжаттардың көшірмелерін, отбасының тұтынған заттарын жинастырудан бастайды. Қызметкерлерін Мәскеудегі кинофотоқұжаттар мұрағатына, Алматыдағы мемлекеттік мұрағаттар мен мұражайларға, Сәкен қызмет атқарған Қызылорда, Ташкент қалаларына, туған жері Жезқазғанға, Жаңаарқа ауданына, өзі жырға қосқан Көкшетауға жіберіп, іздестіру жұмыстарын жүргізеді. Сәкенді көрген көзі тірі азаматтармен кездеседі. Осылайша мұражайдың негізгі қоры да, қосымша қоры да толығыа түседі.

Алайда, еш жұмыс оңайға түскен жоқ. 1937 жылы ұсталып кеткеннен кейін, Сәкеннің қолжазбаларын, хаттарын, кітаптарын және басқа да тұтынған заттарына дейін тәркілеп алған. Соған қарамастан, кейбір асыл жәдігерлердің сақталып қалғаны көңілге демеу болды. Айталық, оның 1930 жылдары киген костюмі, 1934 жылы өзбек достары сыйлаған тақиясы мен шапаны, шет елде демалғанда сатып алған чемоданы, ыдыс-аяқтары, қабырға сағаты... Тағы бір құнды дүние – ақынның өзі жатқан ақ керует. Оны 1926 жылы Қызылордада тұрған кезінде сатып алған. Бұл туралы болашақ жары Гүлбаһрам Батырбековаға жазған хатында деректелген. Қазір музейде Сәкеннің Гүлбаһрамға жазған он хаты бар, оны бізге көрнекті ғалым Тұрсынбек Кәкішев табыс еткен. 1973 жылы Гүлбаһрам апамыз дүниеден озғанда, ақынның ұстаған заттары Алматыдағы Орталық музей қорына өтеді. Сол жәдігерлердің дені біздің мұражайға берілді.

Айта кеткен жөн, 1990 жылы ғой, Сәкеннің туған інісі Мәжиттің әйелі Әмина, қыздары – Рымжан күйеуімен және София мен Бағдат мұражайға келді. Олар ақынның сирек кездесетін фотосуреттері мен Мәжиттің жеке заттарын тапсырды бізге.

– Байқасак, алып тұлғаның өмір жолы біркелкі түзу болмаған. Табиғат ана бір басына сымбаттылық пен сыршылдықты, кемеңгерлік пен кемелдікті, дарын мен даралықты үйіп бергенімен, ақынның қамшы сабындай қысқа ғұмыры азап пен күреске толы болды. Әңгімеңізді Сәкеннің қайраткерлік қырымен жалғасаңыз...
– Алдымен мынаны айтайын, ақынның алғашқы жыр жинағы небары жиырма жасында Қазан қаласында жарық көреді. Содан бастап оның қаламы қолынан түспеген. 1957 жылы Сәкен ақталды дедік. Тарихи қуанышта Сәбит Мұқанов «Сендер бұған дейін «қазақ совет

әдебиетінің негізін қалаушы» деп мені атап келдіңдер ғой. Міне, шын иесі қайтып келді, енді бұдан былай, Сәкен Сейфуллинді атаңдар» деп ағынан жарылыпты айналасына. Көрнекті сөз зергері Ғабит Мүсірепов те: «... Тарих оған (Сәкенге) жүктеген міндетті ешқайсымыз атқара алған жоқпыз. Тарихқа зорлық жүрмейді» деген екен. Өйткені, Сәкен 1922 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы лауазымында отырғанда ұлт тағдырына қатысты көптеген қордалы мәселелерді шешті. Қазақ тілін мемлекеттік тілге айналдырды. Ең бастысы, «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік!» деп мақала жазып, 1925 жылға дейін «Киргизия» боп келген жұрттың төл атын қайтарды. Бұл – теңдесі кем еңбек.

1923 жылы ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының елу жылдық мерейтойын өткізеді. Өзі бас баяндамашы болды. Сонда «... Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... Халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін басын бәйгеге тікті» деп, зерделі сөз айтқан да Сәкен еді. Ақынның және бір ерлігі, 1935 жылы (!) Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын жариялайды. Ал, ол кезде Шәкәрімнің атын атауға да болмайтын.

– Алаш арыстарының ішінде, ақталғаннан кейін, әрине, бір адам халыққа танылса, Сәкен танылды, солай ғой. Расы керек, «қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы» ретінде танылды. Қайраткерлігін, жаңа ғана сіз айтқандай, қолпаштасақ та, жасыратын несі бар, Сәкенді Совет өкіметіне қызмет еткен деп жақтырмайтындар шықты бүгінде... Мұражайдың директоры ретінде қандай уәж айтар едіңіз бұған?

– Сәкеннің «қызыл билікке» қызмет еткені рас. Өйткені, ол Кеңес өкіметіне имандай сенді. Алайда, ол Сәкеннің кінәсі емес. Кеңес өкіметіне жарты әлем сенді. Билік «Социализмнен кейін коммунизмге жетеміз. Ешбір ұлттың тіліне, мәдениетіне, шекарасына тиіспейміз» деп, кейін бәрін табанға салды ғой. Сол кезде барып, Сәкендер бармағын тістеді. Баса айтатыны, ол ешқашан ұлтын сатқан жоқ, қайта ұлтына қызмет етті. Шынтуайтында, социализмнің орнауы жарты адамзаттың қателігі. Ең басты қателік – Сәкен де соның ішінде кетті. Қиянатының құрбаны болды. Ол ұлттың тілі үшін де, шекарасының тұтастығы үшін де күресті, қазақ әдебиетінің тарихы үшін де жанын салды. Басқаны былай қойғанда, «Отан» деген терминді кіргізген Сәкен.

Қазір біз «латынға көшеміз бе, кириллицада қаламыз ба» деген тарихи кезеңде тұрмыз ғой. Міне, Сәкен де сондай дәуірді бастан өткерген. Ол кириллицаға қарсы болған, Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиінде қалуымызды қалады. Өйткені, көптеген мұраларымыздан айырылып қаламыз ба деп қорықты. Ол осы күнге жететінімізге көзі жетпесе де, қазақтың гүлденуін, көркеюін тіледі, сол үшін жігерін сарқыды. Тарихтың доңғалағы кері бұрылып, дүние қайта төңкеріліп, Құдай басымызға тәуелсіздіктің бағын қондыра салды ғой. Енді өткен тұлғаларды бір-біріне қарсы қойып, олардың тұсындағы дау-дамайды қайта қоздырып керегі жоқ. Бізге, ұрпаққа олардың жарқын жолдары, күресі қажет. Бүгінгі буынды Отанды сүйуге, елді ардақтауға шақыратын үлгілерін алған жөн.

Сәкеннің мұрасы халқының рухани қажетінен қалмайды, өзінің міндетін атқарады. Оның ұлтына бергені ұшан-теңіз. Сәкен мұражайының Астанада тұруы – ұрпаққа үлкен үлгі. Сәкеннің әндері қандай тамаша! «Көкшетауының» өзі неге тұрады? Жаңа әдебиетті жасаймын деді, Маяковскийге еліктеді. Ол да әдебиеттегі бұрылыстар, талпыныстар. Мұндайлар талай ақында болды. Солардың басында Сәкен тұрды. Социализмді, коммунизмді, Ленині жырлаған «Советстан», «Қызыл ат», «Қызыл сұңқар», «Экспресс»

сынды туындылары оқылмауы мүмкін. Таза оқылатын дүниелерінің өзі аз емес. Бізге сонысы керек Сәкеннің.

Ақмоланың тарихы, Астананың тарихы Сәкеннің тағдырымен тікелей байланысты. Сондықтан, Астанада осындай музейдің ашылуы да өте орынды, оның жиырма бес жылдығын атап өтуіміз – үлкен мерей. Осы орайда, қала әкімдігіне, қазақ мәдениетінің, руханиятының жанашыры Иманғали Нұрғалиұлына ризамын. Музейдің аяғынан тік тұруына, осы заманға сай халыққа қызмет етуіне үлкен мүмкіндіктер жасады. Ақынды халыққа танытуда сәкентанушы ғалымдардың да атқарған еңбегі бір төбе. Есмағамбет Ысмайылов, Жайық Бектұров, Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішев, Сейділ Талжанов, Амантай Сатаев, Амантай Кәкен сынды ағаларымызды осы мерейтой қарсаңында ерекше құрметпен атаған жөн. Бұл азаматтардың есімдері мұражайдың тарихына алтын әріптермен жазылады. – Ел ішінде осы мұражай үйінде Сәкен тұрған деген сөз бар. Өзіңіз айтқандай, ақынның ізі қалған қалада оған қатысты ғимараттар қалды ма бүгін?

–Бұл он сегізінші ғасырларда, Абай туған жылдары көпестер салған үйлер ғой, менің білуімше, мұнда Сәкен тұрмаған. Ол тұрған үйдің нобайы музейде тұр, бұдан да үлкенірек. Қазіргі «Меруерт» деген мейрамхананың артқы жағында болған екен, кейін бұзылып кетті дейді. Бірақ, бұл үйлерге Сәкен қыдырып, қонаққа, басқа бір жағдайларда келуі мүмкін. Енді, ақынға қатысты бір ғимарат бар. Ол – қазіргі Әлихан Бөкейханов пен Кенесары көшелерінің қиылысындағы, елшілік отырған екі қабатты ақ үй. Соның балконынан 1920-22 жылдары, Совет өкіметі жарияланған кезде сөйлеген деген дерек бар. Қаншалықты дәлелді екенін білмеймін, меніңше, сол рас болуы керек. Өйткені, оның арғы жағы, қазіргі Конгресс-холл сарайының орны ол кезде базар болыпты.

– Сәкен тұрған үйдің қабырғасынан қайраткердің тапаншасы табылған деседі. Мұражайдағы көне қару сол болса керек...

– Иә, манағы елшілік отырған үйдің маңында мекеме болған бір үйлер бұзылыпты. Міне, сол үйлерде Сәкен де қызмет істеген. Бұзу кезінде тапанша табылғаны рас. Бізде тұрғаны да сол қару. Бірақ, тапаншаның Сәкендікі екеніне ешкім куәлік бере алмайды. Бізде мынадай бір әдет бар ғой. Ескі, көне дүниелерді тауып ала қалсақ, пендешілік пиғылмен «Балуан Шолақтың белбеуі еді», «Қабанбай батырдың қанжары еді» деп, мұражайларға өткізе береміз. Мен мұны тарихқа қиянат деп ойлаймын. Әрине, музейдің сол заманның жәдігерлерімен толғаны жақсы. Бірақ, нақты, дәлелді болмағаннан кейін, бүгінді де, ертеңді де алдаймыз. Жалпы, өлкетану, тарихи мұражайларға бұл керек шығар. Бірақ, жеке тұлғалардың мұражайына қажет емес. Мәселен, осында біраз дүниелер бар, Сәкендікі деп келген. Бірақ, көбісіне менің көзім жетпейді. Десе де, Сәкеннің өзінен қалған заттар жетерлік. Қол сағаты, бас киімі, костюмі... Мұның бәрі жары Гүлбаһрамның қолынан жеткен. Ол өлерінде Сәкен дүниелерінің бәрін дерлік Алматыдағы орталық музейге өткізген екен. Осы музей ашылғанда уақытша ғана жеті-сегіз жәдігері көшірілген екен. Орталық музей басшылығы уақытша берілген дүниелердің келісім-шартының мерзімін жыл сайын ұзартып келген, мен келгенше. Өйткені, қазір музейден музей зат ала салу оңай емес. Ол жәдігерлерді біз де иелене алмаймыз, Орталық музейдің де бере салуға хақысы жоқ. Енді, соның басын ашып алайық деп, марқұм Еркеғали Рахмадиев, Кәкімбек Салықов, Әкім Тарази және өзім қол қойып, Елбасына хат жаздық. Іле-шала мәселе шешілді, әлгі құнды дүниелер осында біржолата қалатын болды. Әлі де Сәкенге тікелей қатысты көп жәдігер Алматыдағы орталық музейде. Музей басшылығы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында солардың бәрін жыл аяғына дейін осында көшіруге уәде етті. Ал, ол жәдігерлер келетін болса, мұражай кеңейер еді.

Қазіргі таңда мұражай қорындағы жәдігерлердің жалпы саны – 5696 дана. Оның ішінде негізі қорда – 2645 дана, қосымша қорда – 3051. Осы жәдігерлердің бес жүздейі ғана

сөреде тұр. Қалғандары жертөледе. Себебі, орын жоқ. Алматыдағы жәдігерлерді жеткізетін болсақ, тағы сыймайды. Менің ойым, осы кеңсе орналасқан екінші ғимаратты да музейге айналдыру. Жанымыздағы Сәкеннің ескерткішінің артында кішкене орын бар, сонда екі қабатты кеңсе салынса. Астына – жүз орындық зал, үстіне – қызметкерлер отыратын бөлмелер. Егер осы жоба іске асып жатса, жақсы болар еді...

Сәкен Қазақстан Жазушылар одағының ғимаратын қолымен тұрғызған. Өзі тұңғыш төрағасы болған. Сондықтан, мұнда елордадағы жазушылар да көп келеді. Бұл шаңырақ мұражай болғанымен, бір жағынан Астанадағы жазушылар ордасы сияқты. Мен – Жазушылар одағының Астанадағы филиалының директорымын. Ал, филиалдың жеке ғимараты жоқ. Көптеген әдеби, мәдени шаралар осында өтіп жатады. Егер жаңағы ғимарат салынатын болса, онда ол зиялы қауым бас қосатын, қаламгерлер жиналатын үлкен рухани ошаққа айналар еді. Мен соны армандаймын.

– Әңгіме бағыты қайта мұражайға ауды ғой. Осындағы атқарылған шаруаларды, рухани ошақтың тағылымын, бүгінге, келешекке берерін әңгімелей отырсаңыз...

– Мерейтойға үлкен дайындықпен келіп отырмыз. Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдық мерейтойы қарсаңында мұражай орналасқан екі үйге де толық қалпына келтіру және жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, былтыр мұражайға тиесілі аула қоршалып, күзет үйі тұрғызылып, автоматты шлагбаум орнатылды.

Ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты мұражай қорындағы заттарды, құрал-жабдықтарды, кітап-қолжазбаларды, хаттар мен хаттамаларды, зерттеу еңбектерді сақтауға қолайлы бөлмелер дайындалды. Мұнда Сәкен төңірегіндегі тұлғаларға қатысты құжаттар мен жәдігерлер жиынтығы топтастырылған. Шәкәрім, Бейімбет, Ілияс, Ахметтерге байланысты деректер тізбегін, Ақан сері, Біржан сал, Балуан шолақ, Үкілі Ыбырай, Қажымұқанға қатысты мағлұматтарды табуға болады.

1995 жылы тамыз айында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Сәкен мұражайына арнайы бұрылып, жәдігерлерді тамашалап, қолтаңбасын қалдырды. Онда «Асыл бабамыз Сәкен Сейфуллиннің әруағы тәуелсіз елімізді желеп-жебеп жүрсін!» деп жазған. Біз де осы тілекке толықтай қосыламыз.

– Әңгімеңізге рахмет! Мерейтой құтты болсын!

Асхат РАЙҚҰЛ